

Freedom Holding Corp. компаниясының 2025 фискалдық жылғы II тоқсандағы түсімі жарты миллиард доллардан асты

2024 жылғы 8 қараша, Алматы

Freedom Holding Corp. (FRHC) 2025 фискалдық жылғы II тоқсанның қорытындысын шығарды, компания үшін ол 2024 жылғы 30 қыркүйекте аяқталды. Холдингтің түсімі 580,9 млн АҚШ долларын құрады. Оның 145,3 млн АҚШ долларына (33%-дан астам) өсуі мынадай факторларға байланысты болды:

- Сақтандыру андеррайтингінен келіп түсетін кіріс негізінен зейнетақы аннуитеті және жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша шарттар санының ұлғаюы есебінен 58 млн АҚШ долларынан 160,3 млн АҚШ долларына дейін (177%-дан астам) ұлғайды.
- Сауда бағалы қағаздары бойынша таза пайда Қазақстанның тәуелсіз облигацияларын сату есебінен 50,8 млн АҚШ долларынан 68,3 млн АҚШ долларына дейін (35%-дан астам) өсті. Сондай-ақ, бағалы қағаздар бойынша позициялар құнының өсуіне байланысты сол кезеңдегі 65,9 млн АҚШ доллары көлеміндегі іске асырылмаған таза пайда танылды.
- Шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда таза шығынның 3,7 млн АҚШ долларынан таза пайданың 6,5 млн АҚШ долларына дейін (275%-дан жоғары) дейін ұлғайды. Бұл өзгеріс негізінен 16,9 млн АҚШ доллары мөлшерінде шетел валютасын сату мен сатып алудан келіп түскен пайдаға байланысты, ол 10,4 млн АҚШ доллары мөлшерінде қайта есептеуден болған шығынмен ішінара өтелді, сондай-ақ Freedom Bank-тің шетел валютасындағы операциялардың жалпы көлемінің екі тоқсанда 78%-ға ұлғаюы есебінен өтелді.
- Комиссиялық кіріс негізінен брокерлік қызметтер есебінен 121,1 млн АҚШ долларына (8%-дан астам) дейін өсті.

Холдингтің шығыстары 151,5 млн АҚШ долларына (50%-дан астам) өсті. Мұндай серпін мынадай факторларға байланысты:

- Комиссиялық шығыстар негізінен өмірді сақтандыру бизнесі шеңберінде агенттік сыйақы шығындарының ұлғаюына байланысты 59,2 млн АҚШ долларына (187%-дан астам) өсті.
- Қайта сақтандыруды шегергенде келтірілген сақтандыру өтемақыларының көлемі 32,7 млн АҚШ долларына (96%-дан астам) ұлғайды. Бұл өсім ең алдымен екі тоқсан арасындағы сақтандыру операцияларының кеңеюіне байланысты болды.
- Холдингке кіретін компаниялардағы қызметкерлер санының өсуіне байланысты есепті кезеңде жалақы мен сыйлықақылар 26,2 млн АҚШ долларына (66%-дан астам) ұлғайды.
- Жалпы және әкімшілік шығындар қайырымдылық пен демеушілікті қамтитын 23,6 млн АҚШ долларына (80%-дан астам) ұлғайды.

Freedom Holding Corp. компаниясының таза пайдасы 114,5 млн АҚШ долларын құрады. Холдингтің 59,4 млн дана акциясының базалық орташа алынған мөлшеріне сүйене отырып есептелген табысы 1,93 АҚШ долларын құрады. Холдингтің 60,5 млн дана акциясының сұйылған орташа алынған санына сүйене отырып есептелген акциясының табысы 1,89 АҚШ долларын құрады.

Холдингтің активтері 8,302 млрд АҚШ долларынан 8,816 млрд АҚШ долларына дейін (6,2%-дан астам) өсті. Міндеттемелер 7,135 млрд АҚШ долларынан 7,553 млрд АҚШ долларына дейін (5,9%-дан астам) өсті.

Холдинг клиенттерінің брокерлік шоттарының саны 2024 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 555 мыңды құрады, бұл бұған дейінгі тоқсанға қарағанда 25 мыңға артық болып отыр.

Телекоммуникациялық бизнесті дамыту шеңберінде Freedom Telecom Holding 2024 жылғы қыркүйекте «SilkNetCom» ЖШС-ны сатып алу бойынша мәмілені аяқтады. Бұл компания провайдерлік қызметтерді ұсынуға, ақпараттық технологияларға және телекоммуникациялық желілерді салуға маманданған. Мәміле сомасы 23,9 млн АҚШ долларын құрады.

Анықтама

Резервтің есептілік валютасын қайта есептеуге байланысты өзгеруі.

Холдингтің басқа жиынтық кірісіне/шығыстарына шоғырландыру кезінде еншілес компаниялардың функционалдық валюталарында, холдингтің валютасында көрсетілген қаржылық есептілік көрсеткіштерін қайта есептеу нәтижесінде туындайтын есептілік валютасының резервін қайта есептеу жөніндегі кірістер мен шығыстар енгізілген. Резервті есептеу кезінде активтер мен міндеттемелердің баптары бағам бойынша есепті күнге қайта есептеледі, кірістер мен шығыстардың баптары есепті кезеңдегі орташа бағам бойынша қайта есептеледі. Резервтің оң өзгеруі еншілес компаниялардың функционалдық валюталарының холдинг есеп беретін валютаға қатысты бағамының төмендеуі нәтижесінде туындайды.

Компания туралы

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады. Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар. Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан. Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

БАҚ үшін байланыс деректері

Рамина Фахрутдинова – «Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының PR жөніндегі кеңесшісі

E-mail: pr@ffin.kz

www.freedomholdingcorp.com.